Индапамид диурездік (несеп айдайтын) дәрі болып табылады және артериялық қысымды төмендетеді. Басқа диуретиктерден айырмашылығы, индапамид ұсынылған дозаларда қабылдаған кезде бүйрекпен шығаратын несеп көлемін шамалы арттырады. Сонымен қатар, индапамид үлкен артериялардың созылуын (серпімділігін) арттырады және кіші диаметрлі шеткегі артериялардың кедергісін азайтады, бұл артериялық қысымды төмендетуге көмектеседі.

Периндоприл ангиотензин өзгереттін фермент тежегіштері (АТФ) деп аталатын препараттар класына жатады. Оның әсері қантамырлардың кеңеюіне, шеткегі артериялар кедергісінің төмендеуіне, миокардтың (жүрек бұлышықетінің) жақсаруына және жүрек жүктемесінің төмендеуіне әкеледі.

Индапамид пен периндоприл аргининің бір мезгілде қабылдау олардың әрқайсысының артериялық қысымға әсерін күштейтеді.

### **Қолданылуы**

Нолипрел® Аргинин препараты ересектерде қолдануға арналған:

- эссенциальді гипертензияны емдеу үшін;
- артериялық гипертензиясы және 2 типті қант диабеті бар пациенттерде жүрек-қантамыр ауруларындағы микротамырлы асқынулардың (бүйрек тарапынан) және макротамырлы асқынулардың даму қаупін азайту үшін.

## **2. Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдар алдында нені білу керек**

### **Колдануға болмайтын жағдайлар**

Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдамаңыз:

- егер сіз индапамидке немесе кез келген басқа сульфонамидке, периндоприлге немесе кез келген басқа АӨФ тежегішіне немесе осы препараттың кез келген басқа компоненттеріне аллергияның болса (қосымша парактың 6-бөлімінде көрсетілген),
- егер бұрын Сізде басқа АӨФ тежегіштерін қабылдаған кезде ыскырық дем, беттің немесе тілдің ісінуі, қарқынды қышыну немесе терінің қатты бәртпесі (ангионевроздық ісіну) сияқты симптомдар пайда болса немесе туыстарыңыздың бірінде мұндай симптомдар кез келген жағдайда пайда болса,
- егер Сіз артериялық қысымды төмендететін, құрамында алискирен бар препаратты қабылдап жүрсөніз және Сізде қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының бұзылуы орын алса,
- егер Сізде диабетпен байланысты бүйрек функциясының бұзылуы болса және ангиотензин II рецепторларының блокаторларын қабылдап жүрсөніз,
- егер Сізде бауырдың ауыр ауруы немесе бауыр энцефалопатиясы болса (бауыр жеткіліксіздігінің салдарынан ми функциясының ықтимал қайтымды бұзылуы),
- егер Сізде бүйрек артериясының стенозы болуы мүмкін ауыр бүйрек ауруы болса (бүйрекке қан ағымының төмендеуі),
- егер Сізге диализ немесе қан сүзудің кез келген басқа түрі жасалса. Колданылатын жабдыққа байланысты Нолипрел® Аргинин Сізге сәйкес келмейтін препарат болып табылуы мүмкін,
- егер Сізде қандағы калий деңгейі төмен болса,
- егер Сізде емделмеген декомпенсацияланған жүрек жеткіліксіздігіне қатысты күдік туындаса (организмдегі судың айқын іркілуі, тыныс алудың қындауы),
- егер Сіз жүрек ырғағының өзгеруіне әкелетін препараттарды қабылдап жүрсөніз ("Басқа препараттар және Нолипрел® Аргинин препараты" қосалқы бөлімін қараңыз),
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз ("Жүктілік және бала емізу" бөлімін қараңыз),
- егер Сіз емізіп жүрсөніз ("Жүктілік және бала емізу" бөлімін қараңыз),
- егер Сіз жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін колданылатын препарат - валсартан + сакубитрил біріктірілімін қабылдап жүрсөніз ("Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары" және "Басқа препараттар және Нолипрел® Аргинин препараты" қосалқы бөлімдерін қараңыз).

Егер Сізде кейбір қанттарға жақпаушылық болса (лактаза жеткіліксіздігі, галактоземия немесе глюкоза-галактоза мальабсорбция синдромы), осы дәрілік препаратты қабылдағанға дейін емдеуші дәрігерге қаралыңыз.

### **Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары**

Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесініз:

- егер Сізде аорта стенозы болса (жүректен шықкан негізгі қантамырлардың тарылуы), гипертрофиялық кардиомиопатия (жүрек бұлшықетінің ауруы) немесе бүйрек артериясының стенозы (бүйректі қанмен қамтамасыз ететін артерияның тарылуы),
- егер Сізде жүрек жеткіліксіздігі немесе басқа жүрек ауруы болса,
- егер Сізде бүйрек ауруы болса немесе диализ жасалса,
- егер Сізде қандағы альдостерон гормонының деңгейі өте жоғары болса (бастапқы гиперальдостеронизм),
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы болса,

- егер Сізде жүйелі дәнекер тінінің ауруы болса (дәнекер тінінің зақымдалуымен сипатталатын аурулар тобы), мысалы, жүйелі қызыл жегі немесе склеродермия,
- егер Сізде атеросклероз болса (артериялардың жақтауында олардың санылауын тарылтатын атеросклероздың түйіндақтардың пайда болуы),
- егер Сізде гиперпаратиреоз болса (қалқанша маңы бездерінің функциясының жоғарылауы),
- егер Сізде подагра болса (гиперурикемиямен ауыратын пациенттер)
- егер Сізде гиперкалиемия болса (плазмадағы калийдің мөлшері жоғары),
- егер Сізде гипонатриемия болса (плазмадағы натрийдің мөлшері төмен),
- егер Сізде қант диабеті болса,
- егер Сіз тұз мөлшері төмен диетаны ұстансаныз немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштарды қолдансаныз,
- егер Сіз литий немесе калий сақтайдын препараттарды (спиронолактон, триамтерен) немесе калий қоспаларын қабылдасаңыз, оларды Нолипрел<sup>®</sup> Аргинин препаратымен бір мезгілде қабылдауға болмайды ("Басқа препараттар және Нолипрел<sup>®</sup> Аргинин препараты" қараңыз),
- егер Сіз аллопуринолды, цитостатиктерді (онкологиялық ауруларды емдеуге арналған препараттар) немесе иммунодепрессанттар қабылдасаңыз немесе прокайнамидпен (жүрек ырғағының бұзылуын емдеуге арналған препарат) ем алсаңыз,
- егер сіз алтын препараттарымен ем алсаңыз, қабынуға қарсы стероидты емес препараттарды, баклофенді, кортикостероидтарды, неприлизин тежегіштерін, QT аралығын ұзартатын препараттарды қабылдап жүрсөніз; жүрек гликозидтері, өмірге қауіпті жүрек аритмиясын туыннатуы мүмкін препараттар ("пируз" типті полиморфты қарыншалық тахикардия),
- егер Сізге сүйек кемігі қан түзуінің төжелуі диагнозы қойылса;
- егер Сіз егде жастағы адам болсаңыз,
- егер Сізде цеброваскулярлық ауру болса,
- егер Сізде реноваскулярлық гипертензия болса,
- егер Сізде артериялық қысымның (АҚ) цифrlары өзгермелі болса (АҚ тұрақсыз жоғарылауы),
- егер Сізде фотосезімталдық реакциялар болса,
- егер Сіз көрү қабілетінің төмендеуіне немесе көздің ауырсынуына тап болсаңыз. Бұл көздің қантамыр қабатында сүйкіткіштің жиналу симптомдары (хориоидальді жалқық) немесе көзге қысымның жоғарылауы болуы мүмкін, бұл Нолипрел<sup>®</sup> Аргинин препаратын қабылдаганнан кейін бірнеше сағат немесе апта ішінде болуы мүмкін. Егер емделмеген болса, бұл көрү қабілетінің қалпына келмеуіне әкелуі мүмкін. Егер Сіз бұрын пенициллинге немесе сульфаниламидке аллергияның болса, оның даму қаупі жоғары болуы мүмкін.
- егер Сізде бет, ерін, ауыз, тіл және тамақ ісінуімен ауыр аллергиялық реакциялар болса, олар жұтылу немесе тыныс алу қындықтарымен бірге жүруі мүмкін (ангионевроздың ісіну). Бұл емдеу кезінде кез келген уақытта пайда болуы мүмкін. Егер Сізде осындай симптомдар пайда болса, **емдеуді тоқтатып, дереу дәрігермен кеңесу керек.**
- егер Сіз жоғары артериялық қысымды емдеу үшін қолданылатын төменде көрсетілген қандай да бір препараттарды қабылдасаңыз:
  - антиотензин II рецепторларының блокаторлары (сартандар ретінде белгілі - мысалы, валсартан, ирбесартан, телмисартан), әсіресе егер Сізде қант диабетімен байланысты бүйрек кінәрраттары болса,
  - алискирен.

Дәрігеріңіз бүйрек функциянызды, артериялық қысымынызды және қандағы электролиттердің (мысалы, калий) мөлшерін үнемі қадағалап отыруы мүмкін. Сондай-ақ, "Колдануға болмайтын жағдайлар" бөліміндегі ақпаратты қараңыз.

- егер сіз қара нәсілге тиістілігіңіз болса, себебі Сізде ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары болуы мүмкін, сондай-ақ бұл препарат басқа нәсілді пациенттермен салыстырғанда артериялық қысымды төмендетуде аз тиімді болуы мүмкін,
- егер Сіз жоғары өткізгіш жарғақшалармен диализ өтіп жүрсөніз,
- егер Сіз төменде көрсетілген қандай да бір препараттарды қабылдасаңыз, ангионевроздық ісінудің даму қаупі артуы мүмкін:
  - рацекадотрил (диареяны емдеу үшін қолданылады),
  - сиролимус, эверолимус, темсиrolimus және mTOR тежегіштері класына жататын басқа препараттар (трансплантацияланған ағзалардың ажырамай қабылданбауын болдырмау үшін қолданылады),
  - сакубитрил (валсартанмен бекітілген біріктірілімде шығарылады) созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылады.

#### *Ангионевроздық ісіну*

АӨФ тежегіштерін, оның ішінде Нолипрел® Аргинин қабылдаған пациенттерде ангионевроздық ісіну (беттің, еріннің, тілдің немесе тамақтың ісінуімен ауыр аллергиялық реакция, жұтыну немесе тыныс алудың қындауы) жағдайлары байқалды. Бұл реакциялар ем кезінде кез келген сәтте басталуы мүмкін. Егер Сізде осы симптомдар пайды болса, Сіз Нолипрел® Аргинин қабылдауды дереу тоқтатып, дереу дәрігерге қаралу керек. 4-бөлімді де қараңыз.

Егер Сіз жүктімін ойласаңыз (немесе жүкті болуды жоспарласаңыз) дәрігерге айтуыныз керек. Нолипрел® Аргинин жүктілік кезінде қабылданбауы тиіс, себебі бұл балаға елеулі зиян келтіруі мүмкін ("Жүктілік және бала емізу" қосалқы бөлімін қараңыз).

*Нолипрел® Аргининің қабылдаған кезде, Сіз өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге немесе медициналық персоналга келесі жағдайлар туралы хабарлауыңыз керек:*

- егер Сізде анестезия және/немесе ауыр хирургиялық операция болса,
- егер Сізде жақында диарея, құсу немесе организмнің сузыздануы байқалса,
- егер Сізге диализді немесе тығыздығы төмен липопротеидердің аферезін жүргізу қажет болса (холестеринді қаннан аппараттың жолмен шығару),
- егер Сіз аралардың немесе баларалардың шағуына аллергиялық реакцияларды азайтатын десенситизациядан өтсөніз,
- егер Сіз құрамында йод бар рентгендік контрасттылы зат (рентген сәулелерімен бүйрек немесе аққазан сияқты ішкі ағзаларды тексеруге мүмкіндік беретін зат) қажет медициналық тексеруден өтсөніз.

Спортшылар Нолипрел® Аргинин препаратының құрамында допинг-бақылау жүргізу кезінде оң реакция бере алатын әсер етуші зат (индаламид) бар екенін білуі тиіс.

#### **Балалар**

Нолипрел® Аргинин препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректер болмауына байланысты препаратты 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларға берменіз.

#### **Басқа препараттар және Нолипрел® Аргинин препараты**

Емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне Сіз не қабылдағаныңыз, жақында қабылдағаныңыз немесе басқа дәрілік препараттарды қабылдауды бастағаныңыз туралы хабарлаңыз.

Нолипрел® Аргинин препаратын келесі препараттармен бір мезгілде қабылдаудан аулақ болыңыз:

- литий препараттары (мания немесе депрессияны емдеу үшін қолданылады),
- егер Сізде қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы болмаса, алискирен (жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған препарат),

- калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, триамтерен, спиронолактон, амилорид), калий тұздары, сондай-ақ организмдегі калий мөлшерін арттыратын басқа препараттар (мысалы, гепарин және ко-тrimоксазол, сульфаметоксазол+trimetoprim деп те аталады),
- эстрамустин (онкологиялық жаңа түзілімдерді емдеу кезінде қолданылады),
- жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған басқа препараттар: ангиотензин өзгертетін фермент тежегіштері және ангиотензин II рецепторларының блокаторлары.

Нолипрел® Аргинин препаратымен емдеу режиміне басқа препараттарды қабылдау әсер етуі мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз дозаны өзгерте алады және/немесе басқа сақтық шараларын қолдана алады. Егер Сіз келесі препараттарды қабылдайтын болсаныз, емдеуші дәрігерге хабарлауды ұмытпаңыз, өйткені оларды қабылдаган кезде ерекше сақ болу керек:

- жоғары артериялық қысымды емдеуде қолданылатын препараттар, соның ішінде ангиотензин II рецепторларының блокаторлары немесе алискирен ("Қолдануға болмайтын жағдайлар" және "Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары" бөлімдеріндегі ақпаратты қараңыз) немесе диуретиктер (бүйрек шығаратын несеп көлемін арттыратын препараттар),
- жүрек жеткіліксіздігін емдеу кезінде қолданылатын калий сақтайтын препараттар: эплеренон және спиронолактон күніне 12,5-тен 50 мг дозада,
- диареяны емдеу үшін (рацекадотрил) немесе трансплантацияланған ағзалардан (сиролимус, зверолимус, темсиролимус және mTOR тежегіштері класына жататын басқа препараттар) қабылданбай ажыраудың алдын алу үшін жиі қолданылатын препараттар. "Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары" деген қосалқы бөлімді қараңыз,
- валсартан+сакубитрил біріктірілімі (созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылады). "Қолдануға болмайтын жағдайлар" және "Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары" қосалқы бөлімдерін қараңыз,
- пропофол, севофлуран (анестезия жүргізуге арналған препараттар),
- құрамында йод бар рентгенконтрастылы заттар,
- левофлоксацин, моксифлоксацин, спарфлоксацин, ципрофлоксацин, вена ішіне енгізгенде эритромицин, азитромицин, кларитромицин, рокситромицин, спирамицин, ко-тrimоксазол (инфекцияларды емдеу үшін пайдаланылатын антибиотиктер),
- аллопуринол (подагра емдеу үшін),
- мизоластин, терфенадин немесе астемизол (пішен қызбасы немесе аллергияны емдеуге арналған антигистаминдік препараттар),
- ауыр бронх демікпесі мен ревматоидты артритті қоса, әртүрлі ауруларды емдеу үшін қолданылатын кортикоидтар,
- аутоиммундық бұзылуарды емдеу үшін немесе қабылданбай ажыраудың алдын алу үшін транспланттау операцияларынан кейін пайдаланылатын иммунодепрессанттар (мысалы, циклоспорин, такролимус),
- галофантрин, лумефантрин, мефлохин, хинин, хлорофил (безгектің кейбір түрлерін емдеу үшін қолданылады),
- пентамидин (пневмонияны емдеу үшін қолданылады),
- натрий ауротиомалаты (инъекциялық алтын препараты) (ревматоидты полиартритті емдеу үшін қолданылады),
- винкамин (егде жастағы пациенттерде, оның ішінде жады жоғалуын симптоматикалық емдеу үшін қолданылады),
- бепридил, ранолазин (жүктемелік стенокардияны емдеу үшін қолданылады),
- вориконазол, итраконазол, кетоконазол, флуконазол (зенге қарсы дәрілер),
- вандетаниб, мышьяк триоксиді, оксалиплатин, такролимус, анагрелид (ісікке қарсы препараттар және иммуномодуляторлар),
- ондансетрон (құсуға қарсы дәрілер),

- алтеплаза (тромболитиктер, тромбқа әсер ету үшін қолданылатын препараттар),
- жүрек ырғағының бұзылуын емдеуге тағайындалған препараттар (мысалы, хинидин, гидрохинидин, прокайнамид, дизопирамид, флексанид, амиодарон, сotalol, дофетилид, ибутилид, бретилий тозилаты, дронедарон),
- цизаприд, дифеманил, домперидон (асқазан-ішек ауруларын емдеу үшін қолданылады),
- дигоксин немесе басқа жүрек гликозидтері (жүрек ауруларын емдеу үшін),
- баклофен (көптеген склероз сияқты ауруларда пайда болатын бұлшықеттердің сіресуін емдеу үшін),
- инсулин, метформин немесе глиптиандер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) сияқты қант диабетін емдеуге арналған препараттар,
- кальций қоспаларын қоса алғанда, кальций,
- стимуляциялайтын іш жүргізетін дәрілер (мысалы, сенна),
- қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (мысалы, ибупрофен) немесе салицилаттардың жоғары дозалары (мысалы, ацетилсалицил қышқылы),
- инъекциялық түрдегі амфотерицин В (ауыр зен ауруларын емдеу үшін),
- депрессия, үрей, шизофрения және т. б. сияқты психикалық бұзылуларды емдеуге арналған препараттар (мысалы, трициклді антидепрессанттар, циталопрам, эсциталопрам сияқты селективті серотонинді кері қармау тежегіштері, психозды емдеуге арналған нейролептиктер, мысалы, хлорпромазин, циамемазин, левомепромазин, тиоридазин, трифлуоперазин, флуфеназин, амисульприд, сульпирид, сультоприд, тиаприд, галоперидол, дроперидол, пимозид, сертингдол),
- тетракозактид (Крон ауруын емдеу үшін),
- триметоприм (инфекцияны емдеу үшін),
- тамыр кенеятетін препараттар, нитраттарды қоса (қантамырлардың кенеюіне әкелетін препараттар),
- вазопрессин (қант диабетін емдеуге арналған препарат),
- терлипрессин (АІЖ, несеп шығару және жыныс жүйесі ағзаларынан қан кетуді емдеуге арналған препарат),
- кетансерин (вазодилататорлар),
- пробукол (гиполипидемиялық дәрі),
- теродилин (спазмолитик),
- цилостазол (мезгіл-мезгіл ақсақтықты емдеуге арналған препарат).
- тәмен артериялық қысым, шокты немесе демікпені емдеу үшін қолданылатын препараттар (мысалы, эфедрин, норепинефрин немесе адреналин).

### **Жүктілік және бала емізу**

Егер сіз жүкті болсаңыз немесе емізіп журсаңыз, жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз деп ойласаңыз, препаратты қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кенесініз.

### **Жүктілік**

Егер Сіз жүкті болсаңыз (немесе жүктімін деп ойласаңыз) деп ойласаңыз, емдеуші дәрігерге хабарлауыңыз керек. Әдетте, дәрігер Сізге Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды жүктілік басталғанға дейін немесе Сіз жүкті еkenінізді білген бойда бірден тоқтатуға кенес береді. Дәрігер Сізге Нолипрел® Аргинин препаратының орнына басқа препаратты қабылдауға кенес береді. Нолипрел® Аргинин препараты жүктілік кезінде қарсы көрсетілген, өйткені оны қабылдау баланың денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін.

### **Бала емізу**

Егер Сіз емшекпен емізетін болсаңыз, Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауға болмайды.

Емшекпен емізетін немесе емізуді жоспарлағаның туралы дереу емдеуші дәрігеріңізге хабарлаңыз.  
Дереу емдеуші дәрігеріңізге қаралыңыз.

**Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу**  
Нолипрел® Аргинин реакция жылдамдығына эсер етпейді, бірақ кейбір пациенттерде артериялық қысымның төмендеуіне байланысты әртүрлі реакциялар, мысалы, бас айналу немесе әлсіздік байқалуы мүмкін. Нәтижесінде көліктерді немесе басқа механизмдерді басқару қабілеті бұзылуы мүмкін.

**Нолипрел® Аргинин препаратының құрамында лактоза моногидраты бар**  
Егер Сізде қанттың кейбір түрлеріне жақпаушылық болса, осы препаратты қолданар алдында емдеуші дәрігеріңізben кеңесініз.

**Нолипрел® Аргинин препаратының құрамында натрий бар**  
Бұл препараттың құрамында бір таблеткаға 1 ммольден az (23 мг) натрий бар, яғни мәні бойынша құрамында натрий жоқ.

### **3. Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдау**

Нолипрел® Аргинин препаратын емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсынымдарына толық сәйкес қабылданыз. Күмән болған жағдайда емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесініз.

#### **Ұсынылатын доза**

Ұсынылатын доза: тәулігіне бір таблетка. Сіздің емдеуші дәрігеріңіз препаратты қабылдау режимін өзгерту мүмкін (мысалы, егер Сізде бүйрек функциясының бұзылуы анықталса).

#### **Қолдану тәсілі**

Ішке, дұрысы таңертең, тамақ ішер алдында. Таблетканы сумен іше отырып, тұтастай жүту керек.

#### **Қолдану ұзактығы**

Эссенциальді гипертензияны емдеуге арналған препараттарды үнемі қабылдау керек.

#### **Егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қажет болғаннан артық қабылдаған болсаңыз**

Егер Сіз тым көп таблетка қабылдаған болсаңыз, дереу дәрігерге хабарлаңыз немесе жақын мандағы жедел жәрдем бөліміне хабарласыңыз. Артық дозаланған жағдайда анағұрлым ықтимал симптом - бұл артериялық қысымның төмендеуі болып табылады. Егер Сіздің артериялық қысымыңыз күрт төмендесе (жүрек айнуы, құсу, құрысулар, бас айналуы, үйқышылдық, сананың шатасуы, бүйрек шығаратын несеп көлемінің өзгеруімен қатар жүретін жағдай) жатып, аяғынызды көтеріңіз. Бұл Сіздің жағдайынызды жақсарта алады.

**Егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды ұмытып қалсаныз**  
Препаратты күн сайын қабылдау өте маңызды, ейткені қабылдаудың жүйелілігі емдеуді тиімдірек етеді. Дегенмен, егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратының кезекті дозасын қабылдауды ұмытып кетсеңіз, әдеттегі уақытта келесі дозаны қабылданыз. Өткізіп алған дозаны өтеу үшін Нолипрел® Аргинин дәрілік препаратының қосарлы дозасын қабылдамаңыз.

**Егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды тоқтатқан болсаңыз**  
Жоғары артериялық қысымды емдеу әдетте үнемі жүргізілетіндіктен, емдеуші дәрігеріңізben алдын ала талқылаусыз Нолипрел® Аргинин дәрілік препаратын қабылдауды тоқтатпаңыз.

Нолипрел® Аргинин препаратын қолдану бойынша сұрақтар болған жағдайда емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне қаралыңыз.

#### **4. Іктинал жағымсыз реакциялар**

Барлық дәрілік препараттар сияқты Нолипрел® Аргинин препараты жағымсыз реакциялар туындауы мүмкін, алайда, олар барлығында байқала бермейді.

**Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және келесідей ауыр жағымсыз реакциялардың бірі туындаған жағдайда деруе медициналық көмекке жүгініңіз:**

- төмен артериялық қысымнан туындаған қатты бас айналу немесе естен айырылу (жиі – 10 адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- бронх түйілуі (кеудедегі қысылу сезімі, ысқырық дем және ентігу) (жиі емес – 100-адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- беттің, еріннің, ауыздың, тілдің немесе тамақтың ісінуі, тыныс алудың қындауы (ангіоневроздық ісіну) ("Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары" 2-бөлімін қараңыз) (жиі емес – 100 адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- эритеманың көп түрін қамтитын терінің ауыр реакциялары (бет, қол немесе аяқтағы қызыл қышитын жерлердің пайда болуынан басталатын тері бөртпесі) немесе қарқынды тері бөртпелері, есекжем, дененің бүкіл беткейіндегі терінің қызаруы, қатты қышыну, құлдіреуіктің пайда болуы, терінің қабыршақтануы және ісінуі, шырышты қабықтың қабынуы (Стивенс — Джонсон синдромы, уытты эпидермальді некролиз) немесе басқа аллергиялық реакциялар (өте сирек – 10 000 адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- жүрек тарарапынан бұзылулар (жүрек ыргағының бұзылуы (соның ішінде брадикардия, қарыншалық тахикардия, жүрекше фибрилляциясы), стенокардия (дене жүктемесінен туындаған кеуденің, жақтың және арқаның ауыруы), миокард инфарктісі (жүрек ұстамасы) (өте сирек-10 000 адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- қолдағы немесе аяқтағы әлсіздік, инсульттің белгісі болуы мүмкін сөйлеу кінэрраттары (өте сирек – 10 000 адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- үйқы безінің қабынуы (панкреатит), ол іштің және арқаның ауыр ауырсынуын тудыруы мүмкін, хал-жағдайдаң нашарлауымен қатар жүреді (өте сирек – 10000 адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- терінің немесе көз акуыздарының сарғаюы (сарғаю), бұл гепатиттің белгісі болуы мүмкін (өте сирек – 10 000 адамның ең көп дегендеге 1-үндеге туындауы мүмкін),
- өмірге қауіп төндіретін аритмия ("пируэт" типті полиморфты қарыншалық тахикардия) (белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес),
- бауыр функциясының бұзылуынан туындаған мидың ауруы (бауыр энцефалопатиясы) (белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес),
- жоғары қысымға байланысты көру қабілетінің төмендеуі немесе көздің ауыруы (көздің тамырлы қабығында сұйықтық жиналуының белгісі (хориоидальді жалқық) немесе жедел жабық бұрышты глаукома (белгісіз - қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес).

Пайда болу жиілігі бойынша кему тәртібімен жағымсыз реакциялар мынадай болуы мүмкін:

- **жіңі-10 адамның ең көп дегенде 1-үндеге туындауы мүмкін:**

аллергиялық және демікпелік реакцияларға бейімділігі бар пациенттердегі тери реакциялары, бас ауыруы, бас айналуы, вертиго, парестезия (аяқ-қолдағы шаншуды сезіну), көрудің бұзылуы, құлақтың зыңылдауы (кулақта шуыл), жөтел, ентігу, ас қорыту жүйесі тарарапынан бұзылыс (жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, дисгевзия (дәм сезудің бұрмалануы), диспепсия немесе ас қорытудың қындауы, диарея, іш қату), аллергиялық реакциялар (тері бөртпесі, терінің қышынуы), бұлшықеттің түйілуі, астения;

- **сирек - 1 адамның ең көп дегенде 1-үндеге туындауы мүмкін:**

көңіл-күйдің өзгеруі (көңіл-күйдің құбылуы), үйқының бұзылуы, есекжем, пурпурा (терідегі қызыл дақтар), пемфигоид (терідегі ошақталған күлдіреуіктің қалыптасуы), бүйрек жеткіліксіздігі (бүйрек функциясының бұзылуы), эректильді дисфункция (импотенция), қатты терлеу (терлеу), эозинофилия (эозинофилдердің жоғарылауы (лейкоциттердің түрі), зертханалық параметрлердің өзгеруі: гиперкалиемия (қандағы калийдің жоғары деңгейі), емді тоқтатқаннан кейін тәмендейді), гипонатриемия (натрийдің тәмен деңгейі); үйқышылдық, естен тану (естен айырылу), жүрек қағысын сезіну (өз жүргегінің қағысын сезіну), тахикардия (жүректің жиі соғуы), диабетпен ауыратын пациенттердегі гипогликемия (қандағы қант деңгейі өте тәмен), васкулит (қантамырлардың қабынуы), ауыз куысының шырышты қабығының құрғауы, фотосезімталдық реакциялары (терінің күнге сезімталдығының жоғарылауы), артralгия (буындардың ауыруы), миалгия (бұлшықет ауыруы), кеуде куысының ауыруы, дімкәстану, шеткөрі ісіну, қызба, қандағы мочевина мен креатинин концентрациясының жоғарылауы, құлау;

- **сирек - 1000 адамның ең көп дегенде 1-үндеге туындауы мүмкін:**

псориаздың асқынуы (ағымының нашарлауы), зертханалық параметрлердің өзгеруі: "бауыр" ферменттерінің белсенділігінің артуы, гипербилирубинемия (қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы); қатты қажу;

- **өте сирек - 10 000 адамның ең көп дегенде 1-үндеге туындауы мүмкін:**

сананың шатасуы, эозинофильді пневмония (пневмонияның сирек кездесетін түрі), ринит (мұрынның бітелуі немесе тұмаурату), жедел бүйрек жеткіліксіздігі (бүйрек тарарапынан ауыр бұзылулар); қан тарарапынан лейкоциттер мен эритроциттер санының азауы сияқты бұзылулар: агранулоцитоз, апласттық анемия, панцитопения, лейкопения, нейтропения, гемолиздік анемия, гемоглобин мен эритроциттердің тәмендеуі гематокрит, тромбоцитопения (тромбоциттер санының азауы) гиперкальциемия (қандағы кальцийдің жоғары деңгейі), бауыр функциясының бұзылуы;

- **белгісіз (қолда бар деректерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес):**

электрокардиограммадағы (ЭКГ) ауытқулар (QT аралығының ұзаруы), зертханалық параметрлердің өзгеруі: гипокалиемиямен калий мөлшерінің тәмендеуі (калийдің тәмен мөлшері), несеп қышқылы концентрациясының жоғарылауы (несеп қышқылының жоғары деңгейі) және қандағы глюкоза (қандағы қанттың жоғары деңгейі); миопия (алыстан нашар көру), көрудің бұлшығырлануы, Рейно синдромы (қолдағы саусақ пен аяқтары башпайдың үйіп қалуы және ауыруы). Егер Сізде

жүйелі қызыл жегі болса (дәнекер тінінің ауруы), Сіздің жағдайыңыз нашарлауы мүмкін.

Қан, бүйрек, бауыр немесе үйқы безі тараپынан бұзылуы және зертханалық параметрлердің өзгеруі мүмкін (қан талдауында). Сіздің дәрігеріңіз жағдайыңызды бақылау үшін қан талдауын тағайындаі алады.

Несеп концентрациясының жоғарылауы (бұл жағдайда оның күнгірттенуі байқалады), жүрек айну немесе құсу, бұлшықеттің түйілуі, сананың шатасуы және құрысулар АДГ (антидиурездік гормон) жеткіліксіз секрециясынан туындауы мүмкін. Егер Сізде осындай симптомдар болса, мүмкіндігінше тезірек емдеуші дәрігермен байланысыңыз.

### **Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама**

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесініз. Оларға қосымша паракта көрсетілмеген кез келген жағымсыз реакциялар да жатады. Сіз сондай-ақ дәрілік препараттың жағымсыз реакциялары туралы тікелей хабарлай аласыз (төменде қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

### **Ресей Федерациясы**

Денсаулық сақтау саласындағы қадағалау жөніндегі федералдық қызметі  
(Росздравнадзор)

109012, Мәскеу қ., Славян алаңы, 4 үй, күр. 1

Тел: +7 (800) 550 99 03

Эл. пошта: [pharm@roszdravnadzor.gov.ru](mailto:pharm@roszdravnadzor.gov.ru)

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

### **Армения Республикасы**

"Академик Э. Габриелян атындағы дәрілер мен медициналық технологияларды сараптауғылыми орталығы" ЖТАҚ

0051, Ереван қаласы, Комитас даңғылы, 49/5

Тел.: +374 (60) 83 00 73, +374 (10) 23 08 96, +374 (10) 23 16 82

Дәрілер қауіпсіздігін мониторингілеу бөлімінің жедел желі телефоны: +374 (10) 20 05 05, +374 (96) 22 05 05

Эл. пошта: [admin@pharm.am](mailto:admin@pharm.am), [vigilance@pharm.am](mailto:vigilance@pharm.am)

<http://pharm.am>

### **Беларусь Республикасы**

"Денсаулық сақтаудағы сараптама және сынақ орталығы" УК

220037, Минск қ., Товарищеский түйік көш., 2а үй.

Тел.: +375 (17) 231 85 14

Факс.: +375 (17) 252 53 58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: + 375 (17) 242 00 29

Эл. пошта: [rcpl@rceth.by](mailto:rcpl@rceth.by), [rceth@rceth.by](mailto:rceth@rceth.by)

<http://www.rceth.by>

### **Қазақстан Республикасы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау үлттық орталығы" ШЖҚ РМК

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А.Иманов көшесі, 13 (БО «Нұрсаulet 2»)

Тел.: +7 (717) 278 99 11

Эл. пошта: [farm@dari.kz](mailto:farm@dari.kz)

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сактау министрлігі жанындағы Дәрі-дәрмекпен

қамтамасыз ету және медициналық техника департаменті

720044, Бішкек қаласы, 3-я Линия көшесі, 25

Тел.: +996 (312) 21 92 78

Эл. пошта: [dlsmi@pharm.kg](mailto:dlsmi@pharm.kg)

<http://pharm.kg>

## 5. Нолипрел® Аргинин препаратын сактау

Препаратты баланың қолы жетпейтін жерде, бала көре алмайтын жерде сактаңыз.

Күтыда және картон қорапшасында көрсетілген жарамдылық мерзімі (сактау мерзімі) өткеннен кейін "дейін жарамды" деген сөздерден кейін препаратты қолданбаңыз. Жарамдылық мерзімі аталған айдың соңғы күні болып табылады.

30°C-ден аспайтын температурада сактау керек.

Препаратты көрізге немесе тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен енді қажет емес препаратты қалай утилизациялау (жою) керектігін анықтап алыңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны корғауға мүмкіндік береді.

## 6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер

### Нолипрел® Аргинин препаратының құрамында

Индапамид және периндоприл аргинині әсер етуші заттар болып табылады.

Улбірлі қабықпен қапталған әрбір таблетканың құрамында 0,625 мг индапамид және 2,5

мг периндоприл аргинин бар (периндоприл негізінің 1,6975 мг сай келеді).

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар) лактоза моногидраты, магний стеараты,

мальтодекстрин, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, натрий

карбоксиметилкрахмалы (А типі), глицерол, гипромеллоза, макрогол 6000, магний

стеараты, титанның қостотығы (Е171) болып табылады.

### Нолипрел® Аргинин препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Улбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Препарат ұзынша, екі жағында сызығы бар, ақ түсті улбірлі қабықпен қапталған таблеткалар болып табылады. Сындыру сызығы (сызық) таблетканы бөлуге арналмаған.

"Лаборатории Сервье Индастри" өндіріс кезінде, Франция:

14 немесе 30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған күтыда.

Жабдықталған полипропиленнен жасалған күтыда. 1 күтыдан (14 немесе 30 таблеткадан) алғашқы ашылуы бақыланатын қосымша-парақпен картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған күтыда.

3 күтыдан (30 таблеткадан) қосымша-парақтың төң санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

"Лаборатории Сервье Индастри", Франция өндіру және өлишеп-оралу/ бұынп-тую "СЕРВЬЕ РУС" ЖШК, Ресей кезінде:

14 немесе 30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан (14 немесе 30 таблеткадан) алғашқы ашылуы бақыланатын қосымша-парапен картон қорапшада.

Стационарларға арналған қантама:

30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

3 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша-парапен тең санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

"СЕРВЬЕ РУС" ЖШК, Ресей өндіріс кезінде:

14, 29 немесе 30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан (14, 29 немесе 30 таблеткадан) алғашқы ашылуы бақыланатын қосымша-парапен картон қорапшада.

Стационарларға арналған қантама:

30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

3 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша-параптың тең санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

"Лаборатории Сервье Индастри", Франция және өндіру және өлишеп-оралу /бұынп-тую

«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд», Ирландия кезінде:

30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан (30 таблеткадан) алғашқы ашылуы бақыланатын қосымша-парапен картон қорапшада.

Стационарларға арналған қантама:

30 таблеткадан дозатормен және ылғал сініретін гелі бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

3 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша-параптың тең санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

**Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

«Лаборатории Сервье»/Les Laboratoires Servier  
92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно көш., 50/  
50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France,

**Өндіруші**

**"СЕРВЬЕ РУС" ЖШК**

108828 Ресей, Мәскеу қ., Краснопахорское кенті, 158 квартал, 2 иелік, 1 құр.  
немесе

"Лаборатории Сервье Индастри" / Les Laboratoires Servier Industrie  
905, Саран тас жолы, 45520 Жиди, Франция/905, route de Saran, 45520 Gidy, France  
немесе

«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд»/Servier (Ireland) Industries Ltd  
Графство Уиклоу, Аркллоу, Гори роуд, Манилендс, Y14 E284, Ирландия/  
Co. Wicklow, Arklow, Gorey Road, Moneylands, Y14 E284, Ireland

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін тіркеу куәлігін ұстаушысының өкіліне жүргіну қажет:

Ресей Федерациясы

"Сервье" АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937 07 00

Факс: +7 (495) 937 07 01

Эл. пошта: [servier.russia@servier.com](mailto:servier.russia@servier.com)

Армения Республикасы

"Лаборатории Сервье" өкілдігі

Мекенжай: 0002, Ереван қаласы, Амирян көшесі, 15, 100-ші дүкен, Кентрон

Тел.: +374 (10) 50 50 74

Эл. пошта: [mariam.antonyan@servier.com](mailto:mariam.antonyan@servier.com)

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы "Les Laboratoires Servier" АҚ өкілдігі (Франция Республикасы)

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көшесі, 70, кеңсе, 303

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: [officeBY@servier.com](mailto:officeBY@servier.com)

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

"Сервье Қазақстан" ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: [kazadinfo@servier.com](mailto:kazadinfo@servier.com)

**Қосымша парақ қайта қаралды**

**Басқа ақпарат көздері**

Препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында

<http://eec.eaeunion.org>.

Қосымша парақ Одақтың веб-сайтында Одақтың барлық тілдерінде қолжетімді.